

Орта кәсіптік білім беру оқу орындарының қызметін ұйымдастыру тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 4 шілдедегі N 539 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1621. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Нормативтік құқықтық базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған тізім бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2

3. ...

Министр

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы

N 145 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1

2

3

4. "Орта кәсіптік білім беру оқу орындарының қызметін ұйымдастыру тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 4 шілдедегі N 539 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1621 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені, 2001 ж., N 31, 486-құжат).

5

Орта кәсіптік білім беру орындарының қызметін жетілдіру және дамытуды қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Орта кәсіптік білім беру оқу орындарының қызметін ұйымдастыру тәртібі жөніндегі ереже бекітілсін.

2. Жоғары және орта кәсіптік білім департаменті (Ә.Әбжаппаров) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан осы бұйрықты барлық орта кәсіптік білім беру орындарының басшыларына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Жоғары және орта кәсіптік білім департаментіне (Ә. Әбжаппаров) жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым Министрдің

2001 жылғы 4 шілдедегі N 539

бұйрығымен бекітілген

**Орта кәсіптік білім беру оқу орындарының
қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы**

ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже орта кәсіптік білім беру оқу орындарына: колледждерге, училищеге ведомстволық бағыныстылығына және меншік түріне қарамастан үлгі болып табылады.

2. Орта кәсіптік оқу орындар орта кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады және еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті мамандар даярлаумен тәрбиелеуді қамтамасыз етеді.

3. Орта кәсіптік білім беру оқу орындарының алдына мынадай міндеттер қойылады:

1) нақты мамандықтар бойынша қажетті теориялық білімі және практикалық дағдысы бар білікті кәсіптік білімді мамандарды даярлау;

2) еңбек рыногы мен өндіріс салаларының талаптарына сай білікті мамандарды даярлаудың сапасын тұрақты жетілдіру;

3) жұмыссыздар мен жұмыстан босаған қызметкерлерді қайта оқыту және қайта даярлау;

4) жұмыс істеп жүрген орта кәсіптік білімі бар мамандардың біліктілігін а р т т ы р у .

4. Орта кәсіптік білім беру оқу орындарында мамандарды даярлау негізгі жалпы, жалпы орта және бастаушы кәсіптік білім базаларында конкурстық негізде жүргізіледі.

5. Орта кәсіптік білім беру орындарын құру, қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, Заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Жарлығына сәйкес жүргізіледі.

6. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес орта кәсіптік білім беру оқу орындары білім беру қызметін жүргізу құқығын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен лицензия алған сәттен бастап алады және лицензиясы кері қайтарылып алынған немесе жарамсыз деп табылған сәттен бастап Қазақстан Республикасы заңнамалары белгілеген тәртіппен қызметі тоқтатылады.

7. Әрбір орта кәсіптік білім беру оқу орны Қазақстан Республиканың заңнамаларының негізінде бекітілген жарғысына ие болады. (РҚАО-ның сілтемесі: Z990389_ (10-бап) қараңыз.)

8. Орта кәсіптік білім беру оқу орны меншікті мүлкі, аты мен мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі (мемлекеттік оқу орындары үшін Қазақстан Республика Гербі бейнеленген) және мемлекеттік тілде өзінің аты жазылған мөртаңбасы, сондай-ақ заңдарда белгіленгендей банктерде есеп-шоты бар заңды тұлға және жоғарғы оқу орнының құрылымдық бөлімшесі болуы мүмкін.

2. Оқу тәрбие процесін ұйымдастыру

9. Орта кәсіптік білім беру оқу орындарында әр түрлі мерзімде орта кәсіптік білім беру бағдарламалары, қосымша кәсіптік білім беру және мамандарды қайта даярлау бағдарламалары жүргізілуі мүмкін.

10. Нақты мамандық бойынша білім берудің мазмұны, оны іске асырудың нормативтік мерзімі мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарты негізімен белгіленеді.

Орта кәсіптік білім беру оқу орындарында оқыту күндізгі, сырттай, кешкі, дистанциялық және экстернат түрлерінде жүргізіледі.

Білім алудың өзгешелік түрлерін үйлестіруге рұқсат етіледі.

11. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталады және оқу процесі кестесіне сәйкес 1 шілдеден кеш емес мерзімде аяқталады.

12. Орта кәсіптік білім беру орнында төмендегідей негізгі сабақтар түрлері белгіленеді: сабақ, дәріс, семинар, практикалық сабақтар, лабораториялық жұмыстар, бақылау жұмыстары, консультациялар, өздік жұмыс, курстық және дипломдық жұмыстарды жобалау (курстық және дипломдық жұмыс).

Аудиториядағы барлық сабақ түрлері үшін академиялық сағаттың ұзақтығы 45 минут болып белгіленеді.

Әртүрлі кәсіптік практика мен оқу сабақтарын өткізу мерзімі жұмыс оқу жоспарлары мен оқу графигінің кестесімен белгіленеді.

13. Оқытудың нысандарын, әдістерін және үлгірімнің аралық аттестациясы мен ағымдық бақылау кезеңін оқу орны оқу жоспары мен бағдарламасы негізінде әзірлейді.

14. Мемлекеттік орта кәсіптік білім беру оқу орны оқу топтарының жиынтығы мамандықтар бойынша күндізгі нысандарында 25-30 адам, (өндірістен қол үзбей) сырттай оқитын бөлімдерінде 15-20 адам болып белгіленеді.

Оқу орнындағы лабораториялық жұмыстардың, практикалық және семинар сабақтардың, сондай-ақ дене тәрбиесі сабақтары мен жекеленген пәндерді шеберханаларда (полигондарда, шаруашылықта) кәсіби оқытудың тізбесін оқу жоспарына сәйкес анықтағанда, оқу топтары 12 адамнан кем емес шағын топтарға бөлінуі мүмкін.

Оқу орнының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оқу сабақтары кейбір оқушылармен жеке жүргізілуі (жеке сабақтар, жеке шығармашылық оқыту нысандары) мүмкін.

15. Орта кәсіптік білім беру оқу орнында оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі, сондай-ақ мүмкіншілік және қажеттілік болса білімді басқа тілдер арқылы алу мүмкін.

16. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасын жетілдіру, әдістемелік жұмыс, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында оқу орнында оқытушылар және басқада оның қызметкерлерін біріктіретін (педагогикалық, әдістемелік кеңестер, пәндік немесе циклдік комиссиялар) органдар құрылады.

17. Оқытудың экстернат түрі жұмысшылар мен мамандарды даярлайтын тиісті кәсіптер мен топтасқан мамандықтар біліктілігін кәсіптік білімнің бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

3. Орта кәсіптік білім беру оқу орнының құрылымдық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру

18. Орта кәсіптік білім беру оқу орнында оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру мақсатында дайындық курстар, оқу-өндірістік шеберханалар, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, бөлімдер, біліктілікті көтеру және мамандарды қайта даярлау, мамандықтар топтамасы бойынша бөлімдер, филиалдар және басқа да бөлімше құрылымдары құрылуы мүмкін.

19. Орта кәсіптік білім беру оқу орнының филиалы оқу орнының бөлімдік құрылымы болып табылады, оның құрамына кіреді, одан басқа жерде жұмыс

жасайды және оқушылар саны 50 кем болмаған жағдайда ұйымдастырылады.

1) филиалда оқу мынадай түрлерде жүзеге асырылады: күндізгі, сырттай, кешкі және экстернат түрінде оқу орындағы мамандықтар бойынша;

2) филиалдардың жұмысына құрылтайшы бекіткен директор басшылық ж а с а й д ы .

20. Бөлім (күндізгі, сырттай, кешкі) оқу орнының құрылымдық бөлігі болып табылады. Өндірістен қол үзіп және қол үзбей оқытатын мамандар даярлайтын бір және бірнеше ұйқас мамандықтары бойынша бөлімдер құрылады.

21. Орта кәсіптік оқу орнында бөлім мынадай жағдайда құрылады: күндізгі оқу түрі бойынша бір немесе бірнеше мамандықтарда 150 оқушыдан к е м е м е с ж а ғ д а й д а ;

сырттай оқу түрі бойынша 50 оқушыдан кем емес жағдайда;

кешкі оқу түрі бойынша 100 оқушыдан кем емес жағдайда.

22. Оқу өндірістік шеберханалар оқыту және өндірістік базасы болып т а б ы л а д ы :

1) теориялық оқуды өндірістік еңбекпен ұштастыруды қамтамасыз етуге;

2) оқушылардың оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес еңбек рыногы сұранымына қажетті мамандықтар алуға;

3) өнімдер, шеберханаларға құралдар мен қосалқы құралдар, кабинеттер мен зертханаларға көрнекті құралдар және приборлар, сонымен қатар жабдықтар, машиналар және механизмдер шығаруды ұйымдастыруға;

4) кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа ақылы қызметтер көрсетуге.

23. Оқу шеберханасы өндірістік біліктілік жұмыстарының тізімін, мазмұнын және қойылатын талаптарын мамандар даярлауды жүзеге асыру үшін жұмыс берушілермен келісе отырып тікелей оқу орны айқындайды.

24. Оқу топтарында кәсіби білімге оқыту мен оқу шеберханасының жұмысына өндірістік оқыту шебері басшылық жасайды.

25. Орта кәсіптік оқу орнының оқу шаруашылығы бағытына байланысты егілетін, жайылымдық жерлер, су айдындар, орманды пайдалы жерлер, мал фермалары, ауылшаруашылық жануарларын, құстар, аралар, қояндарды және т.б. ие болуға мүмкіндігі бар.

4. Орта кәсіптік білім беру оқу орнын басқару

26. Мемлекеттік орта кәсіптік білім беру оқу орнын Қазақстан Республикасының заңнамаларына белгіленген тәртіппен құрылтайшы тағайындаған басшы басқарады V950211_ .

Оқу орнының басшысы Жарғыға сәйкес білімді басқарудағы өкілетті органның келісімімен өзінің орынбасарларын тағайындайды және жұмыстан б о с а т а д ы .

27. Орта кәсіптік білім беру оқу орны оқу-тәрбие процесін, мамандарды іріктеу мен орналастыру, ғылыми, шаруашылық-қаржылық және басқа да қызметтерді Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамалары шегінде жүзеге асырады.

28. Орта кәсіптік білім беру оқу орны орта кәсіптік білім беру оқу орнының директорлар кеңесінің, орта кәсіптік білім беру оқу орнының ұйқас мамандықтар топтамасы бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерінің өзін-өзі басқару кәсіптік органдарының жұмыстарына қатысуы мүмкін.

5. Орта кәсіптік білім беру оқу орындары қызметін қаржы-шаруашылық қамтамасыз ету

29. Мемлекеттік кәсіптік орта оқу орындары мемлекеттік білім тапсырысы арқылы орта кәсіптік білім мамандарын даярлауда бір білім алушыға қажетті есеппен қаржыландырылады.

30. Орта кәсіптік білім беру оқу орындары мемлекеттік білім тапсырысы көлемінде бағдарлама әкімшіліктерімен келісе отырып, оқу орындарын басқару құрылымын, штаттық кестені бекітеді.

31. Мемлекеттік орта кәсіптік білім беру оқу орны белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде қосымша төлемдер мен үстемелердің түрлері мен мөлшерін қолданыстағы заңнамалармен белгіленген мөлшерден кем емес етіп бекітеді. (РҚАО-ның сілтемесі: P020041_ (4-Қосымша) қараңыз.)

32. Орта кәсіптік білім беру оқу орындары мүліктерін Жарғыда анықталған тәртіппен шешуге және оны пайдалануға құқылы Z990389_ V950211_.

33. Мемлекеттік емес орта кәсіптік білім беру оқу орындары білім беру қызметтерін ақылы ұйымдастыру есебінен, құрылтайшылар қаржысынан және басқа Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбайтын басқа да көздерден қаржыландырылады. (РҚАО-ның сілтемесі: Z990389_ (5-тармақ 43 - б а п) қ а р а ң ы з .)

34. Мемлекеттік емес орта кәсіптік білім беру оқу орындары білім беру қызметтеріне ақы алуға құқылы.